

«Н. Төреқұлов атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ

ҰБТ бойынша оқушыларға психологиялық сүйемелдеу

Педагог-психолог: Жұмабекова И, Нұрмахамбетова Н

ҰБТ бойынша оқушыларға психологиялық сүйемелдеу

Психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыруда келесілер басты жұмыс түрі болып саналады: ағарту, диагностика (мониторингті анықтау), түзету және сараптау. Психологиялық сүйемелдеу балалармен түзету-дамыту жұмыстары ғана болып табылмайды, сонымен қатар оқу үрдісіне қатысушылардың дамуда, оқуда, тәрбиедегі мәселерін шешудегі қолдау мен көмектің кешенді технологиясы.

Психологиялық қызметтің мақсаты – оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтап қалу және нығайтуда психологиялық-педагогикалық жағдай жасау.

Осы мақсатқа жетуде келесідей басты міндеттерді орындау қажет:

Балалардың психологиялық денсаулығының деңгейін бақылап отыруға мүмкіндік беретін психодиагностикалық әдістемелерін құру;

Оқушылар ұжымы мен балалардың жеке психологиялық ерекшеліктерін зерттеу; Балалардың психологиялық денсаулығының мониторингін жасау.

Ай сайын өткізілген тесттен кейін оқушыларға жүргізілген сауалнаманың нәтижесі.

11 «а,б» сыныбы

Сынама тест тапсырғанда қандай пәндерден қиындық туғызды

А) Математика - 6

Г) Биология-2

Б) Физика- 3

Д) География- 7

В) Дүние жүзі тарихы-4

Ж) Химия-1

З) Қазақстан тарихы- 10

Қандай пәндерді орындау оңай болды

А)Қазақстан тарихы -6

Б)Математика -4

В)Орыс тілі-6

Осы сынама тестке дайындықпен келдің бе?

А) Дайындалып келдім- 20

Б) тәуекелге сеніп келдім- 3

В) аздап дайындалдым- 5

Өз біліміңе сенімдісің бе?

А) сенімдімін- 22

Б) сенімім аз-6

ҰБТ- ға ата-ана тарапынан қандай көмек көрсетілуде

А)Моральдық жағынан-5

Б) материалдық жағынан-23

Пән мұғалімінен саған қандай көмек қажет? Қандай пәннен?

А) физика -3

Г) дүние жүзі тарихы-3

Б) математика -6

Д) қазақстан тарихы-7

В) орыс тілі -3

Ж) География- 6

Ата-ана тарапынан саған қандай көмек қажет?

А)ешқандай көмек қажет емес-0

Б) маральдық -9

В)материалдық-19

Сынама тест тапсыру кезінде сізде қобалжу болды ма?

- А) Да
Б) Нет 10

9. Какая дисциплина требует подготовки для вас?

- | | | | | |
|-----------------------|---|---------------------|----------------------|-------------------|
| А) Математика | 3 | Б) Физика | В) Всемирная история | 2 |
| С) Биология, химия | 8 | Д) Английский язык | 1 | Е) Русский язык - |
| Г) История Казахстана | 6 | И) Казахский язык - | | |

10. Вы тратите все свое время на подготовку к ЕНТ?

- А) Да 12
Б) Нет 3
Г) Я готовлю немного 3
11 «в» класс

1. Какие предметы наиболее сложны при прохождении теста?

- | | | | | |
|-----------------------|---|----------------------|---|------------------------|
| А) Алгебра | 8 | Б) Физика | 2 | В) Всемирная история - |
| С) Биология | 1 | Д) Английский язык - | | Е) Русский язык - |
| Г) История Казахстана | 7 | И) Казахский язык - | | |

2. Какие предметы было легче пройти

- | | | | |
|-----------------------|---|--------------------|----------------------|
| А) Алгебра | 1 | Б) Физика | В) Всемирная история |
| С) Биология | | Д) Английский язык | 3 |
| Г) История Казахстана | 2 | И) Казахский язык | Е) Русский язык |

3. Вы готовы к этому тесту

- Я уверен 8
У меня мало уверенности 4

4. Вы уверены своих знаниях?

- Я уверен 8
У меня мало уверенности 5

5. Какая поддержка ваших родителей для ЕНТ

- А) Моральный (выпущено из домашнего хозяйства) 8
В) На материальной стороне -

6. Какая помощь вам нужна от ваших учителей-предметников? Из какой темы

- | | | | | |
|-----------------------|---|---------------------|----------------------|---|
| А) Математика | 3 | Б) Физика | В) Всемирная история | 2 |
| С) Биология, химия | 2 | Д) Английский язык | Е) Русский язык - | |
| Г) История Казахстана | 8 | И) Казахский язык - | | |

7. Какая помощь вам нужна от ваших родителей?

- А) Помощь не требуется 7
Б) Моральная помощь 6
Г) Материальной помощи -

8. Были у вас какие-либо проблемы во время прохождения теста?

- А) Да
Б) Нет 10

9. Какая дисциплина требует подготовки для вас?

- | | | | | | |
|-----------------------|---|---------------------|---|----------------------|---|
| А) Математика | 3 | Б) Физика | 1 | В) Всемирная история | 2 |
| С) Биология | 1 | Д) Английский язык | 1 | Е) Русский язык - | |
| Г) История Казахстана | 8 | И) Казахский язык - | | | |

10. Вы тратите все свое время на подготовку к ЕНТ?

- А) Да 12
Б) Нет 3
Г) Я готовлю немного 3



Талантсыз адам болмайды – әрқайсысымызды табиғат ерекше дарынмен жаратқан. Дегенмен көпшілігіміз бойымыздағы қабілетті тым кеш біліп жатамыз. Нумерологияның арқасында құпия қабілетті біліп, дамытуға да болады екен. Ол үшін туған күн, ай, жылыңыздың сандарын 1 мен 9 арасындағы сан шыққанша бір-біріне қосыңыз. Мәселен, сіздің туылған күніңіз 17.01.1975. Сандардың барлығын қосамыз: $1+7+0+1+1+9+7+5=31=3+1=4$. Талант саны - 4. Керекті санды есептеп болғаннан кейін сәйкес мәтінді оқу ғана қалды.


1. Қызмет саласы: Түрлі дәрежедегі бастықтар. Шығармашыл жандар. Ұйымдастырушылар. Жауапкершілік танытып, нәтижеге қол жеткізе алатын белсенді, қызу жұмыстар. Мамандықтар: Банк қызметкері, менеджер, хатшы, дәрігер, мемлекеттік қызметкер, қоғам қайраткері, зергер, әртіс, суретші. Мақсат: Өзіне сай келетін істі табу. 4 оқушы
2. Қызмет саласы: Өзгелерге қамқорлық көрсетіп, көмек беруге байланысты мамандықтар. Қоғамдық қызмет көрсету саласы. Мамандықтар: Дәрігер, қоғамдық қызметші, өнер қайраткері, саяхатшы, ойшыл, үй ханымы, фермер, актер. Мақсат: Сезім мен қиялды дамыту. Сүйікті және танымал болу тілегі. 3 оқушы
3. Қызмет саласы: Медицина, техникалық мамандық, өздігімен жұмыс істеу қабілеті. Ойлау жүйесі белсенді түрде жұмыс істейтін кез келген сала сәйкес келеді. Мамандықтар: Менеджер, әскери қызметші, кеден қызметшісі, хирург, спортшы, кәсіпкер, журналист, администратор. Мақсат: Күш пен қуатты түгелімен жұмыс жолына арнау. 9 оқушы
4. Қызмет саласы: Майда бөлшектерге аса назар аудару қажет кез келген жұмыс, өндіріс, бақылау мен қорғауға байланысты жұмыстар. Мамандықтар: Аналитик, журналист, мұғалім, администратор, сатушы, емші, ақпараттық қызмет, дәрігер, құрылысшы. Мақсат: Ақпаратты жинақтау, саралау, тапсыру, үнемі ізденісте болу. 2 оқушы
5. Қызмет саласы: Халықаралық ақпарат алмасумен байланысы бар жұмыс. Өзінің ұйымдастырушылық қабілетін көрсету орны. Мамандықтар: Заңгер, жарнама агенті, қаржыгер, мемлекеттік шенеунік, психолог, жазушы, аудармашы, ғалым, мұғалім, кәсіпкер, менеджер. Мақсат: Ақиқатқа, жоғары білімге ұмтылыс. 8 оқушы
6. Қызмет саласы: Адамдармен араласуды қажет ететін өнер мен қызмет салалары. Оқу орындарындағы, қоғамдық ұйымдардағы жұмыс, медицина. Мамандықтар: Косметолог,

дизайнер, елші, адвокат, дәрігер, ресторатор, фотограф, банк қызметкері, музыкант, суретші, жазушы, әртіс, зергер. Мақсат: Бұл әлемге сұлулық пен үйлесім әкелу. 3 оқушы

7. Қызмет саласы: Қоғамдық ортадағы жауапты қызметтер. Шыдамдылықты қажет ететін жұмыс. Мамандықтар: Кеңесші, стилист, риэлтор, құрылысшы, заңгер, психолог, сатушы, банк қызметкері, фермер, шахтер, администратор, құқық қорғау қызметкері, дәрігер, тарихшы, шенеунік, дизайнер. Мақсат: Тәуелсіздікке қол жеткізу үшін өзін дамыту. 4 оқушы

8. Шығармашылық жұмыспен байланысты іс. Басқару қабілеті көрінетін жұмыс. Мамандықтар: Маркетолог, қаржыгер, өнертапқыш, атомдық энергетика маманы, қоғамдық қызметкер, механик, инженер, мұғалім, биші, дәрігер. Мақсат: Демократия, адамның еркіндігі мен құқықтарын қорғау. 6 оқушы

9. Қызмет саласы: Қиял мен түйсікті қажет ететін кез келген қызмет. Өзіңді жақы көрсетуге мүмкіндік беретін сала. Мамандықтар: Фармацевт, химик, ғалым, сазгер, ақын, актер, емші, мұнай саласының қызметкері, теңізші, жеке детектив, қоғамдық қызметкер, психолог, заңгер. Мақсат: Шынайы руханилыққа қол жеткізу. 5 оқушы



1. Дөңгелекті таңдасаңыз... Сіз үшін тұлғаралық қарым-қатынастың рөлі зор. Өз ортаңызда өзіңізді бақытты сезінуді маңызды санайсыз. Өзгелердің қуанышын да, қайғысын да өз басыңыздағыдай қабылдайсыз. Кейде өз-өзіңізден үйлесімділік таппайсыз. Сізге әртіс, маркетолог, мұғалім, тарихшы, мейрамхана иесі не үй қызметкері болу жарасады. 14 оқушы

2. Шаршыны таңдаған болсаңыз... Өте еңбекқор адамсыз. Бастаған істі орта жолда тастамайсыз. Төзімділік, жүйелілік, дәйектілік – жұмыстағы басты қасиеттеріңіз. Бірақ маңызды істерді шешерде ұсақ-түйекке шүйлігіп қаласыз. Миыңыздың сол жақ бөлігі жақсы жұмыс істейді, демек логикаңыз жақсы дамыған. Сол себепті жүректің емес, ақылдың айтқанына бағынасыз. Сізге есепші, бағдарламашы, банк қызметі, дәрігер, инженер, жүргізуші мамандықтары дәл келеді. 6 оқушы

3. Таңдауыңыз үшбұрыш болса... Сіз өте жақсы менеджерсіз. Жаңа ақпаратты бірден қағып аласыз да, талдап, сараптап, жіпке тізіп шығасыз. Біліктілігіңіз бойыңызға сенімділік ұялатады. Барлығын дұрыс жасауға талпынасыз. Қателік шықса, мойындағыңыз келмейді. Биік мақсатқа жету үшін өзіңізге деен тым сенімділік пен шыдамсыздық кедергі келтіруі мүмкін. Сәйкес келетін мамандықтар: архитектор, экономист, саясаткер, әскери қызмет, менеджер, қорғаушы, дизайнер. 8 оқушы

4. Төртбұрышты таңдасаңыз... Сіз өз өнеріңізді бағаламайсыз. Тіпті ештеңеге қабілетім жоқ деп ойлайсыз. Сондықтан өзіңізді іздегенде екі үстелге қатар отырғыңыз келеді, бұл мүмкін емес. Бұйырған кетпейді, осыны естен шығармаңыз. Жаныңыз сүйетін іспен айналысуда тәуекелге бел буыңыз. Сіз үшін бөлім басшысы, кәсіпкер не аниматор болған дұрыс. 4 оқушы

5. Таңдауыңыз ирек пішінге түссе... Сіз шығармашылық адамысыз. Өмірге әр қырынан қарайсыз, оның әрқайсынан ішкі сұлулықты көресіз. Қарқынды, сабырлы адамсыз. Бір орында отырып ұзақ жұмыс істей алмайсыз. Ең керемет, креативті идеяға байсыз. Оны жүзеге асыру үшін жүйелілік пен шыдамдылық жетіспейді. Өзіңізді зерттеуші, дизайнер, өнертапқыш, музыкант, жазушы не суретшілер арасынан іздеп көріңіз. 8 оқушы

Сынып жетекшілер мен мұғалімдерге ұсыныстар:

*Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту.

*Оқушыларды психологиялық снп тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру

*Сынып жетекшілер тарапынан ата-ана мен оқушылар арасындағы қарым –қатынасты нығайту

*Оқушының маужырыңқы күйден арылуға, тез жинақталуына, өзіне деген сенімділігін арттыруына көмек беру

*Оқушылардың мамандық таңдаудағы қиындықтарына психологиялық тұрғыда қолдау көрсету

*Жас маман оқушылармен жұмыс үйлестіруіне бағыт-бағдар көрсету

*Сынып жетекшілерінен әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуді күшейтуді талап ету.

*Сынып жетекшілер отбасы мен мектептің өзара қарым-қатынасын жақсарту мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру.

Н.Төрекұлов атындағы №8 жалпы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы «Баланың мамандық таңдау мәселесіндегі ата – ананың ролі» тақырыбында 9 сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы бойынша тренинг

АНЫҚТАМА

Қатысқаны: 39 ата-ана

Уақыты: 30 мин

Тақырыбы: « Баланың мамандық таңдаудағы ата – ананың ролі»

Мақсаты: Жеке тұлғаның тиімді мамандық таңдауда профессионалды түрде кәсіби кеңес өткізу керектігі туралы, жеке тұлғаның тиімді кәсіби мамандық таңдауда өзін-өзі анықтау барысындағы педагог-психологтың тиімді жұмысының бағыттарымен таныстыру.

Слайдтар арқылы сауалнама жүргізілді.

Сіз қандай ата-анасыз?

0-16 Бала тәрбиесі-сіз үшін үлкен проблема. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандардың көмегіне сүйеніңіз. 2

16-30 Балаға қамқорлық жасау бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиешілік қабілет бар, бірақ тәжірибеде әрқашан бір қалыпты бір бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жауапкершілікпен ойлану керек. 29

30-39 Бала сіздің өміріңіз үшін ең құнды. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз.

Сауалнама жүргізіліп болған соң ата – аналар мен де оқушылармен де тренинг ойыны өткізілді 8

Ата-ананың баламаен қарым-қатынасы

1. Балаңызды үйде қандай жылы сөзбен еркелетіп атайсыз?
2. Сіздің балаңызға математика, ағылшын тілі пәнінен кімдер сабақ береді?
3. Балаңыздың сыныптағы достарының аты кім?
4. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
5. Ұлыңыздың, қызыңыздың ұялы телефонының номерін
6. Балаңызбен бірге отырып қандай телебағдарлама көресіз?
7. Балаңыз асханаға күніне қанша ақша жұмсайды?
8. Балаңыз мектепте қай қабатта, қай кабинетте оқиды?
9. Балаңыз кішкентай кезінде кім болам деп армандады?
10. Балаңыздың мектепте ең сүйікті ұстазы кім?
11. Балаңыздың сүйікті түсі қандай?
12. Сіздің балаңызға тәрбие сағаты қай күні болады?

Ата-ананың баламаен қарым-қатынасы жайында анықтау мақсатында анықталғаны бала мен ата-ана арасындағы қарым –қатынастың орта деңгейде қалыптасқанын аңғаруға болады.

Ұсыныс:

Сынып жетекшілер ата-ана жиналыстарын өткізіп тұрса;

Психологтар ата-аналар жиналысында тренингтер өткізсе

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Түркістан қаласы

26.01.2023 жыл

АКТ

Біз төменде акт түзіп, қол қоюшылар

Комиссия төрағасы: Қиқынбаев М.П

Хатшы: Жұмабекова И.М

Коммиссия мүшелері:

Сейдалиева А.Б

Дүйсенбек С.Ж

Нурмахамбетова Н.О

Болып, акт жасау себебіміз, 26.01.2024 жылы сағат 16/00-де 1-қабаттағы орналасқан оқушыларға арналған «Сенім жәшігі» ашылғанын және оның ішінен І-ауысымда оқитын 10 «б» сыныбының жазған ұсыныс хатын алғанын растап қол қоямыз.

Растап қол қоюшылар:

ДТІЖО

Қиқынбаев М.П

ДОІЖО

Сейдалиева А.Б

Педагог-психолог:

Нурмахамбетова Н.О

Әлеуметтік педагог:

Дүйсенбек С.Ж

Хатшы:

Жұмабекова И.М

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Хаттама №2

Өткізілген күні: 17.11.2023 жыл

Уақыты: 16:00

Жиналасқа қатысқандар:

Қиқынбаев М.П., Жұмабекова И.М., Сейдалиева А.Б., Дүйсенбек С.Ж

Нурмахамбетова Н.О

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сенім жәшігінен түскен хаттар мазмұнын қарау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп-педагог-психологы

Жұмабекова И.М сенім жәшігіне түскен хатты хабарлады. Хат І-ауысымда оқитын 10 «б» сыныбынан түскен. Хаттың мазмұны төмендегіше:

1. Күннің суықтығына байланысты сабаққа шалбар киіп келуге рұқсат па. Бұл мәселе бойынша ДТІЖО Қиқынбаев М.П мектеп оқушыларына мектептің ішкі тәртібіне байланысты метеп формасымен жүруге ғана рұқсат екенін оқушылармен түсіндірме жұмысын жүргізілетіндігін атап өтті.

Жиналыс төрайымы:

Қиқынбаев М.П

Хатшы:

Жұмабекова И.М

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» КММ-ң 8-11 сынып оқушыларына «Вандализм» мақсатында жүргізілген іс-шараның

ХАТТАМАСЫ

Мерзімі: 20.02.2024 жыл

Қатысушылар: 8-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілері

Мақсаты: Вандализм мен Лудомания дертінің қауіптілігі туралы оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Баяндамашылар:

1.Түркістан қаласы әжелер алқасының мүшесі: **Мұстафаева Сиякүл**

2.Түркістан қаласы емханасының геникологі: **Әмірханова Жазира**

3.Түркістан қаласы ішкі саясат бөлімі Жастар ресурстық орталығының психологы:

Нысанбаева Динара.

4.Түркістан қаласы емханасының психологі: **Мухитдинова Фатима**

Тындаушылар:

Оқушылар: 130

Мұғалімдер: 12

Жалпы қатысушылар саны: 142

Күн тәртібінде:

1. Әулет тәрбиесі, қыз тәрбиесі, бала тәрбиесі
2. «Вандализм» туралы презентация
3. «Лудомания» ғасыр дерті туралы слайд

Барысы:

1. Түркістан қаласы әжелер алқасының мүшесі: Мұстафаева Сиякүл әжеміздің ақыл-кеңесі, әулет тәрбиесі, қыз тәрбиесі, бала тәрбиесін оттың басынан бастап жүргізу. Басқа құрылымдар сияқты ұстанатын негізгі бағыты мемлекетіміздің саясаты – мәңгілік елдің ұрпағын сапалы да саналы етіп тәрбиелеу. Себебі, соғыстан кейінгі ұрпақ қиындық көріп өсті. Ата – баба жолын толық қанығып білді, отбасы тауқыметі, отбасы ынтамағының қайдан келетінін білді. Ал бүгінгі ұрпақ осының бәрінің қадір қасиетіне жете алар ма екен деген уайым бар. Қызға тәрбиенің бәрін жүрген ортасы, достары, мектеп береді деп емес дүниеге келгеннен бастап, одан да бұрын құрсақта жатқан кезінен бастап тәрбиені бастау керек. Ұлттық код дегеніміз үйге келген қонақты қарсы алып, шығарып салғанға дейінгі ортада өтетін жағдай. Бүгінгі қыз ертеңгі келін. Ал ертеңгі келін белгілі ана, одан кейін әулеттің анасы, енесі, әжесі болып шығады. Өмірдің сатылы дәуірлерін басынан өткізетін әйел баласы қызды үйде құнттап тәрбиелемесек олқылықтың көп кететіні рас. Сондықтан да қыз бала ең әуелі ана тәрбиесіне қанығып өсуі тиіс.

2. **Вандализм** (лат. *vandalism*) — мәдени-тарихи ескерткіштерді, басқа да рухани мәдениет құндылықтарды, қоғамдық орындардағы мүліктерді аяусыз, қасақана жою, қиратып бүлдіру, тып-типыл тонау әрекеті. Әдетте ол жабайылық пен зұлымдықтың шектен шыққан бір түрі есептеледі.

Вандализм сөзі 445 жылы Рим қаласын басып алып, мәдениет туындыларын қиратқан және тонаған ежелгі герман тайпасы Вандалдардың (*vandali*) атынан шыққан. Әрине, Вандалдар тарихтағы ең бұзғыншы халық болды деу қиын, одан неше есе өткен тарихи мұраларды қиратып-тонау оқиғалыры тарихта көп кездеседі. Бірақ, Британия ақыны Джон Драйден Вандалдар туралы: "Готтар, Вандалдар, солтүстіктің дөрекі жабайылары барлық бағалы мұраларды қиратып бітті" - деп жазып қалтырған екен. Бұл сөз бағалы тарихи мұраларды бұзып шағушыларды айыптауға мысал ретінде қолданылған.

Вандализм термині алғаш рет француз революциясы кезінде, 1794 жылы қаңтарда Анри Грегуар (*Henri Grégoire*) Blois жеріндегі Конституциялық епископқа (*constitutional bishop*) есеп бергенде Вандализм сөзін тұңғыш рет қолданып, республикашылар армиясының қылмыстарын айыптаған.

Қабірлерді қирату

Вандализм әдетте “агрессия” (“саяси күш қолдану, әскери шабуыл жасау”) деген ұғыммен тығыз байланысты. Әлеум.-экономикалық тегі мен хал-ахуалына, діни нанымына орай белгілі бір топты қуғындап, геноцидке ұшыратуға, мекенінен көшіріп жіберуге қатысы бар мемл. және қоғамдық негіздегі құрылымдардың іс-әрекеттері, көбінесе, В-ге ұласып жатады. Оның себеп-ауаны әр қилы болады. Мәселен, Вандализм әрекеті формалды лидерлердің бұйрығымен, топтың, тобырдың қаскөйлігімен, саяси, ұлттық не діни әуейіліктен туындаған әлдеқандай мақсат-мұратты көздегендіктен, сондай-ақ, ашу-ыза ырқымен, өш алу пиғылымен жасалуы мүмкін.

Қазіргі кезде Вандализм сипатындағы қылмыстар көбейіп отырғаны байқалады. Осыған орай ҚР Қылмыстық кодексіне арнайы бап енгізіліп, қаскөйлік әрекет жасаушыларды жазалау шаралары көзделген.

3. **Лудомания** – адам өмірінде басым рөл ойнайтын, әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойын құмарлығы. Азарт адамдарды тек материалдық шығынға ұшыратқан жоқ, сондай-ақ рухани тұрғыда да әбден азғындатты.

Лудомандар – құмар ойынның шырмауына түскен адамдар. Казино мен букмекерлік компаниялар жұмысы барынша қарқынды дамыған кезден бері «лудомания» деген термин кеңінен қолданыла бастады. Аурулардың халықаралық классификациясы бойынша лудомания аурулар тізіміне енгізілген. Құмар ойынның соңына түскендер дүние-мүлкінен айырылғаны өз алдына, ажырасып, дымсыз қалып жатады. Мұндай жағдай Қазақстан қоғамына да таңсық емес. Ойынқұмарлардың көбеюі салдарынан елімізде лудомандарды емдейтін арнайы орталықтар да ашылған. Олардың негізгі пациенттері – букмекерлік кеңсе ойыншылары. Жалпы, Қазақстанда тіркелген он шақты букмекерлік компания бар. Ал, бейресми мәліметке сенсек, елімізде бұл салада жалпы 30 мыңға жуық адам жұмыс істейді екен. Яғни, әрекет ету ауқымы өте кең. Соңғы екі жылда букмекерлік кеңселер Қазақстан бюджетіне 30 млрд теңгеге жуық салық төлеген деген ақпарат та бар.

Түркістан қаласы ішкі саясат бөлімі Жастар ресурстық орталығының психологы: Нысанбаева Динара «Ойынқұмарлықтан емделу уақыты шамамен 6 айды алады»

Түркістан қаласы ішкі саясат бөлімі Жастар ресурстық орталығының психологы: Нысанбаева Динара айтуынша, лудомандарды емдеу – аса қиын процесс. Маман қаладағы

осындай орталықтардың бірінде жұмыс істейді. Орталыққа ем іздеп келетін пациенттер аз емес, алайда олардың басым көпшілігі емделіп шыққаннан кейін құмар ойынға қайта салынады екен. «Емделуші келгенде ең алдымен, диагностика жүргіземіз. Мұны психотерапевт мамандар өткізеді. Емделушінің оңалтудан өтуге қаншалықты дайын екені анықталады. Диагностиканың нәтижесіне қарай әр емделушіге тапсырмалар дайындап, жеке бағдарлама құрастырамыз. Тиісінше, уақытылы тапсырманы орындатып, апта сайын динамикасын бақылап, соған сай бағдарламаға өзгертулер енгізіп отырамыз. Біз ойынқұмарларға ешқандай дәрі-дәрмек бермейміз. 24 сағат бойы негізінен психотерапиялық жұмыстар жүргізіледі, 10%-ы ғана турдотерапиялық жұмыстарға арналады. Орындайтын тапсырмалар «12 қадам» бағдарламасының базалық тапсырмалары десек болады», – дейді психолог. Құмар ойынға салынған адамның өзімен ғана емес, отбасымен бірге жұмыс жүргізіледі. Ойынқұмарлықтан емделу уақыты шамамен 6 айды алады. Мұнан кейін олар бірнеше ай бойы мамандардың бақылауында болады. «Тәуелділік – бір ғана адамның мәселесі емес, отбасының мәселесі. Тәуелді адамның өзін ғана емес, оның ата-анасын да емдейміз. Себебі, емделіп шыққан адамның сол жолға қайта салынуына 70% ата-анасымен қарым-қатынасы әсер етеді. Біз емделушінің ата-анасымен де психотерапиялық жұмыстар жүргіземіз. Алайда, осы жұмыстардың нәтижелі болуы 99% емделушінің ынтасына, ерік-жігеріне байланысты. Емделушінің өз қалауы, ерік-жігері болмаса, құмар ойынына тәуелділік ешқашан емделмейді», – дейді психолог Ә.Онбаева. Ол жұмыс істейтін орталыққа биылдың өзінде 125 адам көмек сұрап хабарласқан. Өңімелесуден кейін олардың 45-і емдеу орталығына келсе, тек 17-і ғана оңалтуға жіберілген. Соның ішіндегі 14 адам бүгінде ем қабылдап үлгеріпті. Ал 2020 жылы 12 айда барлығы 314 адам хабарласып, соның 35-і емделуге жіберілсе, тек 13 лудоман ғана ойынқұмарлықтан толықтай құтылған. 2019 жылы орталыққа хабарласқан 237 адамның тек бесеуі азарт тәуелділігінен арылыпты. Айта кетейік, былтыр елімізде бірнеше букмекерлік компанияның үстінен іс қозғалып, кеңселері түгел жабылған болатын. Қазіргі таңда букмекерлік кеңсе қызметі тек онлайн жүргізіледі.

Түркістан қаласы емханасының геникологі: Әмірханова Жазира маман ретінде кеңестерімен бөлісті. Қазіргі кезде лудомания белең алып барады. Вандализм деген не? Ол қандай жауапкершіліктерге әкеліп соқтыруы мүмкіндігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұл нәрсенің ең дұрысы бей әдеп қылықтардан, құқық бұзушылықтан, зорлық-зомбылықтан аулақ болу және проблема туындаса міндетті түрде ата-анаға немесе мектеп инспекторы мен тәрбие орынбасарларына айту, психологтарымен кеңесу керектігі туралы айтып өтті. Әдеби шығармаларды, тәрбие туралы кітаптар оқу, салауатты өмір салтын сақтану кеңестерімен бөлісті.

ДТІЖО:

Мектеп медбикесі:

Мектеп психологтары:

М. Қиқынбаев

Ш. Халжанова

А. Искакова,

А. Махашова

Н. Нурмахамбетова

**Н. Төрекұлов №8 жалпы білім беретін мектеп» КММ-ң 8-11 сынып оқушыларына
«Ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында жүргізілген іс-шараның**

ХАТТАМАСЫ

Мерзімі: 20.02.2024жыл

Қатысушылар: 8-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілері

Мақсаты: Ерте жүктіліктің қауіптілігі туралы оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Баяндамашылар:

1.Түркістан қаласы әжелер алқасының мүшесі: **Мұстафаева Сиякүл**

Түркістан қаласы емханасының геникологі: **Әмірханова Жазира**

2.Түркістан қаласы ішкі саясат бөлімі Жастар ресурстық орталығының психологы:
Нысанбаева Динара.

3.Түркістан қаласы емханасының психологі: **Мухитдинова Фатима**

Тыңдаушылар: 142

Оқушылар: 130

Мұғалімдер: 12

Күн тәртібінде:

1. Әулет тәрбиесі, қыз тәрбиесі, бала тәрбиесі
2. «Қыз бала- ұлттың ұяты» презентация
3. «Ерте жүкті болу өміріңе қауіпті» бейнеролик
4. Қыз бала қандай қасиеттерге ие болуы керек. Бейнеролик.
5. Гинеколог дәрігермен кездесу.

Барысы:

1. Түркістан қаласы әжелер алқасының мүшесі: Мұстафаева Сиякүл әжеміздің ақыл-кеңесі, әулет тәрбиесі, қыз тәрбиесі, бала тәрбиесін оттың басынан бастап жүргізу. Басқа құрылымдар сияқты ұстанатын негізгі бағыты мемлекетіміздің саясаты – мәңгілік елдің ұрпағын сапалы да саналы етіп тәрбиелеу. Себебі, соғыстан кейінгі ұрпақ қиындық көріп өсті. Ата – баба жолын толық қанығып білді, отбасы тауқыметі, отбасы ынтамағының қайдан келетінін білді. Ал бүгінгі ұрпақ осының бәрінің қадір қасиетіне жете алар ма екен деген уайым бар. Қызға тәрбиенің бәрін жүрген ортасы, достары, мектеп береді деп емес дүниеге келгеннен бастап, одан да бұрын құрсақта жатқан кезінен бастап тәрбиені бастау керек. Ұлттық код дегеніміз үйге келген қонақты қарсы алып, шығарып салғанға дейінгі ортада өтетін жағдай. Бүгінгі қыз ертеңгі келін. Ал ертеңгі келін белгілі ана, одан кейін

әулеттің анасы, енесі, әжесі болып шығады. Өмірдің сатылы дәуірлерін басынан өткізетін әйел баласы қызды үйде құнттап тәрбиелемесек олқылықтың көп кететіні рас. Сондықтан да қыз бала ең әуелі ана тәрбиесіне қанығып өсуі тиіс.

1. 8-11 сынып қыз балалар арасында «Қыз бала-ұлттың ұяты» тақырыбында слайд көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
2. «Ерте жүкті болу өміріңе қауіпті» бейнеролик көрсетіліп, үміт күткен ата-анаңыз бен алдағы отбасылық өміріңіз барлығынан маңызды екендігін есте сақтау керектігі айтылды.
3. «Қыз бала бойында қандай қасиеттер болуы керек» бейнеролигі көрсетілді. Қыз бала бойында ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, т.б жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу керек деген пікірлер айтылды.
4. Түркістан қалалық емханасының гинеколог дәрігері Бахтиярова Алмагүл ханым қыздармен кездесіп, маман ретінде кеңестерімен бөлісті. Қазіргі кезде ерте жүктілік белен алып барады. Ерте жүктілік деген не Ол қай жас аралығын айтамыз және ерте жүктілік неге әкеліп соқтыруы мүмкіндігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ерте жүктіліктің профилактикасы- яғни проблемамен күресудің ең үздік тәсілі- жат әдеттен сақтану керектігі және проблема туындаса міндетті түрде ата-анаға немесе мектеп медбикесі, психологтарымен кеңесу керектігі туралы айтып өтті. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу, салауатты өмір салтын сақтану кеңестерімен бөлісті.

ДТІЖО:

М. Қиқынбаев

Ш. Халжанова

Мектеп медбикесі:

А. Искакова

А. Махашова

Мектеп психологтары:

Н. Нурмахамбетова

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Түркістан қаласы

21.02.2024 жыл

АКТ

Біз төменде акт түзіп, қол қоюшылар

Комиссия төрағасы: Қиқынбаев М.П

Хатшы: Жұмабекова И.М

Коммиссия мүшелері:

Халжанова Ш.С

Дүйсенбек С.Ж

Нурмахамбетова Н.О

Болып, акт жасау себебіміз, 21.02.2024 жылы сағат 14/00-де 1-қабаттағы орналасқан оқушыларға арналған «Сенім жәшігі» ашылғанын және оның ішінен І-ауысымда оқитын 8 «а» сыныбының жазған ұсыныс хатын алғанын растап қол қоямыз.

Растап қол қоюшылар:

ДТІЖО

Қиқынбаев М.П

ДОІЖО

Халжанова Ш.С

Педагог-психолог:

Нурмахамбетова Н.О

Әлеуметтік педагог:

Дүйсенбек С.Ж

Хатшы:

Жұмабекова И.М

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Сенім жәшігін» ашу туралы

Хаттама №4

Өткізілген күні: 21.02.2024 жыл

Жәшікті ашуға қатысқандар:

Қиқынбаев М.П., Халжанова Ш.С., Жұмабекова И.М., Нурмахамбетова Н.О

Дүйсенбек С.Ж

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.Сенім жәшігінен түскен хаттар мазмұнын қарау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп-педагог-психологы

Жұмабекова И.М сенім жәшігіне түскен хатты хабарлады. Хат І-ауысымда оқитын 8 «а» сыныбынан түскен. Хаттың мазмұны төмендегіше:

1. Біздің сынып жаңа корпуста оқығымыз келеді.

Бұл мәселе бойынша ДТІЖО Қиқынбаев М.П мектепте сынып бөлмелерінің жетіспеуіне байланысты ескі ғимаратта уақытша оқи тұратындықтарын және де келесі жылдан бастап мамандық таңдау бойынша жаңа ғимаратта оқитындары туралы оқушылармен түсіндірме жұмысын жүргізілетіндігін атап өтті.

Жиналыс төрайымы:

Қиқынбаев М.П

Хатшы:

Жұмабекова И.М

Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы орта мектебінің 8-10 сынып оқушыларымен
жүргізілген «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын» атты
Сауалнама

Мақсаты: Балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу үшін жүргізілуде

Мерзімі: 25.04.2022ж

Уақыты :15 минут

Сауалнама жүргізгендер:Жұмабекова И,Нұрмахамбетова Н

Қатысқандар: 190 оқушы

Өзің туралы мәлімет

Жасың 14-15-16

1.Зорлық деген сөзді қалай түсінесің?

- тек күш көрсету /101

- мәжбүрлеу /49

- қорқыту /40

2. Сенің ойыңша, қай жерлерде, кімнен бала қорлық-зорлыққа тап болуы мүмкін?

- отбасында, жақын адамдардан /9

- көшеде, бейтаныс адамдардан /181

3.Қиын жағдайда не істейсің?

- Өз проблемамды өзім шешуге тырысамын /86

- Ата-анамды мазалағым келмейді /35

- Милицияға барамын /69

4. Ата-анаңмен қарым-қатынасың қандай?

- Жақсы қарым-қатынастамын /166

- Түсінбеушілік пен даулар болып тұрады /24

5. Жазалау барысында көбіне қандай шара қолданады?

- Түсіндіріп, көндіргісі келеді /93

- Дұрыс еместігін түсіндіргісі келеді /97

6.Әке- анаңның жазалауымен келісесің бе?

- иә /119

- жоқ 71

7. Бір нәрсеге ашуланып,сенен өш алған уақыттары болды ма?

- кейде /5

- еш уақытта 185

8. Өзің ата-ана болғанда өз балаларыңды жазалайсың ба?

- иә /18

- жоқ /172

9. Істеген үлкен қателіктерің үшін қандай жаза қолданады?

Анаң (ұрсады) /86

Әкең (телефонды алып қояды) /86

Ешнәрсе /18

10. Өз жанұяңда паналы, сүйікті екенінді сезінесің бе?

- иә /190

- жоқ

11. Егерде адам зорлыққа тап болса, қандай мекемелерден көмек сұрай алады деп ойлайсың?

Психолог /59

Полиция /98

Сот /25

Мешіт /8

12. Біздің заманымызда баланы зорлықтан қорғау үшін қандай құжаттар бар?

Білмеймін /148

Заң бала құқығы /42

Ұсыныс: Зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін жұмыстарды жандандыру.

Хаттама №4

Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы орта мектеп КММ-нің мектепшілік есепте тұратын оқушылар арасында өткізілген жиналысының хаттамасы.

Жалпы оқушылар саны – 86

Қатысқаны – 58

Төменде көрсетілген комиссия мүшелерінің қатысуымен:

1. Мектеп психологы: Жұмабекова И, Нурмахамбетова Н
2. Түркістан ҚПБ-ң ЖПҚ-ң ЮПТ-ның учаскелік мектеп инспекторы: Суттибаева А
3. ДТІЖО: Қиқымбаев М

I. Ұйымдастыру.

Қаралған мәселелер:

1. Түсіндірме жұмыстары «Қиын» балаланың шығу себептері.
2. Дөңгелек үстел. Жасөспірімдердің мінез ауытқушылығы қиын баланың психологиялық ерекшеліктері .
3. Баяндама «Қиын балалармен жұмыс тақырыбында»
1. Баяндама. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қиқымбаев «Қиын баланың шығу себептері тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Бүгінгі күнде қоғамды алаңдататын өзекті мәселелердің бірі – тәрбиесі қиын балалардың көбеюі. Сонымен, тәрбиесі қиын бала дегеніміз кім? Оларды неге қиын деп атаймыз?

«Қиын оқушы», «Тәрбиесі қиын бала» ұғымдары өте кең. Бұл ұғымдар ғылымға 30 жылдары А.С. Макаренко, В.Н. Сорока-Росинскийдің еңбектерінде орын тапқан.

Педагогикалық тәрбиесі қиын балалар – бұл оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар.

Баланың бас ұстазы-ата-ана. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі рөлі ерекше. Өкінішке орай, кейбір ата-аналар тарпынан жасөспірімдерді тәрбелеуде жіберілетін төмендегідей қателіктер байқалады:

Девиантты жүріс-тұрыс пен мінез-құлыққа душар болған балалармен жұмыс түрі мен технологиясы – алдын алу және қатарға қосу немесе бейімдеу болып табылады.

Бейімдеудің бірнеше түрі бар, олардың бірі-психологиялық бейімдеу. Психологиялық жолмен бейімдеу – баланың сана сезімінде терең орын алып қалған «менің ешкімге қажетім жоқ», «менің қолымнан ешнәрсе келмейді» деген ойдан арылтып, ақыл кеңес беру, иландыру жолымен өзіне деген сенімін арттыру.

Сондықтан барлық мектептердегі психолог мамандар оқушылардың ішкі қасиеттерін анықтауға, дарынын шыңдауға, мектеп пен отбасы арасындағы тығыз байланысты одақтастыруға жағдай жасауы тиіс.

Тәрбие отбасынан басталады.

Қиын балалардың отбасындағы беріктігі және өнегелі отбасында өнегелі ұрпақ тәрбиеленетіні сөзсіз. Қиындықты шешудің негізгі жолы — отбасында қолайлы қарым-қатынасты орнату.

2.Мектеп педагог-психологы И.Жұмабекова « Жасөспірімдердің мінез ауытқушылығы қиын баланың психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Жасөспірім тәрбиесіне мән бере қарау ол әрбір отбасының, әрбір ата- ананың қасиетті парызы, қасиетті борышы деп атап өтсек қателеспегендігіміз деп ойлаймын. Себебі сол жасөспірімнің тәрбие алып өсіп шыққан отбасы - адамзат қоғамының шағын бейнесі, адам үшін ең жақын орта болып табылатындығына ешкім де күмән келтірмес деп ойлаймын. Тәрбие отбасынан басталады, сондықтан Жасөспірім тәрбиесін дұрыс жолға қоюды қалыптастыру ең маңызды іс екендігін әрбір ата-ана біліп қана қоймай, баласына дұрыс тәрбие беріп, қоғамға тек өзінің пайдасын келтіретін саналы, жанашыр азамат ретінде қалыптастыру үшін шынайы еңбек ету қажеттілігін ескеруі қажет. Отбасында дұрыс тәрбие алмаған, немесе берілген тәрбиеде белгілі бір келеңсіздіктерге душар болған жасөспірімнің тәрбиесінде, оның мінез-құлқын бақылап, басқарып отыруда кедергілер туындайды. Туындаған кедергілер**Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері үшін жоғары деңгейдегі эмоционалды қозғалыстық тән екенін байқауға болады.**Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің қажеттілігінде тежеулер әлсіз, өзінің талаптану, тілек – ықыласы сезіміне деген төзімділігі нашар дамыған, сол себепті көп жағдайларды олар ата - аналарының, мұғалімдердің, үлкендердің қоятын талаптарына қарсы шығып, дау - жанжал тудырып жатады. Бұл жастағы жасөспірімдердің жеке басының дамуына ерекше көңіл бөлу қажет.Оларға айқайлау, белдікпен ұру, желкеден ұру сияқты көріністер керек емес. Керісінше жан – жақты көмек, адамдық сезімінің жылылығы шын көңілімен сүю, ұғу қажеттірек **Тіпті жай ғана мысалды алып қарайық; егер де гүлді күтсең, суырсаң, жақсы қарасаң онда ол жайқалып өседі. Адамдарға әсемдігін, түсін береді. Ал егер оны қарамасаң, оны күтіп баптамасаң, таптасаң ол сарғайып, солып қалады. Міне бұл өмірдің шындылығы.**

3.Түркістан ҚПБ-ң ЖПҚ-ң ЮПТ-ның учаскелік мектеп инспекторы, Суттибаева А «Қиын балалармен жұмыс тақырыбында» баяндама жасады

Отбасының қоғам мен мемлекет, тіпті күллі адамзат алдындағы атқаратын қажеті сан қырлы . «Отан отбасынан басталады» десек, адам тәрбиесі –Отанды сүю, өмірге құштарлық , сұлулықты тану бала бала кезден жанұяда басталатыны баршаға аян. А.С. Макаренко: «Тәрбие –баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді.Тәрбие-тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі -өнеге көрсетуінде», -деген ғой.Баланы жас кезінен бастап сыйлап,қадір-қасиетін ,ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал. Баланың айтайын деген өтінішін ,ақылдасқысы келген мәселесін ата-анасы тыңдап, ақыл-кеңес беруі керек.

Ата-ана отбасындағы үлкендерді сыйлап, құрметтесе ,кішілерге қамқор болса, бала да сондай болуға ұмтылады. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол екені белгілі.

Л. Керімов қиын балалар тәрбиесі мәселесіне арналған зерттеулерінеде «қиын» оқушыны зерттеуді, ең алдымен ,отбасынлағы тәрбие жағдайын білуден бастауды ұсынады.Баланың жетіліп қалыптасуында отбасының орны ерекше екенін түсіндіре келе, оқушыға қиын атануға алып келетін ата-аналардың балалармен ,мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасындағы бірнеше кемшіліктерді көрсетіп берген.Бұл қиындықты шешудің негізгі бірден-бір жолы-отбасындағы ізгілікті қарым-қатынастарды орнату .

Қаулы:

1. Түркістан ҚПБ-ң ЖПҚ-ң ЮПТ-ның учаскелік мектеп инспекторы А. Суттибаева оқушыларға айтқан баяндамасы басты назарға алынса;
2. Сынып жетекшілер осы тақырыпта тәрбие сағаттарын өткізсе;
3. Мектеп психологтары мен оқушыларға бекітілген тәлімгерлер жүйелі жұмыстар жүргізілс

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

АКТ

Түркістан қаласы

26.03.2024 жы

Біз төменде акт түзіп, қол қоюшылар

Комиссия төрағасы: Қиқынбаев М.П

Хатшы: Жұмабекова И.М

Коммиссия мүшелері:

Халжанова Ш.С

Дүйсенбек С.М

Нурмахамбетова Н.О

Болып, акт жасау себебіміз, 26.03.2024 жылы сағат 16/00-де 1-қабаттағы орналасқан оқушыларға арналған «Сенім жәшігі» ашылғанын және оның ішінен І-ауысымда оқитын 9 сынып оқушысының жазған ұсыныс хатын алғанын растап қол қоямыз.

Растап қол қоюшылар:

ДТІЖО

Қиқынбаев М.П

ДОІЖО

Халжанова Ш.С

Педагог-психолог:

Нурмахамбетова Н.О

Әлеуметтік педагог:

Дүйсенбек С.Ж

Хатшы:

Жұмабекова И.М

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Сенім жәшігін» ашу туралы

Хаттама №5

Өткізілген күні: 26.03.2024 жыл

Жәшікті ашуға қатысқандар:

Қиқынбаев М.П., Халжанова Ш.С., Жұмабекова И, Нурмахамбетова Н.О

Дүйсенбек С

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.Сенім жәшігінен түскен хаттар мазмұнын қарау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп-педагог-психологы

Жұмабекова И.М сенім жәшігіне түскен хатты хабарлады. Хат І-ауысымда оқитын 9 сынып оқушысының түскен. Хаттың мазмұны төмендегіше:

1. Таңертең маршруттың уақытылы жүрмеуіне байланысты сабақтан кешігіп қаламын, мұғалімдер ренжиді
Бұл мәселе бойынша ДТІЖО Қиқынбаев М.П бұл мәселе бойынша ата-аналарға баланы таңғы уақытта ертерек сабаққа жіберу керектігі жайында сынып жетекшілеріне ата-аналармен бірлесе жұмыс жүргізу жайында хабарлама берілетіндігі туралы түсіндірме жұмысын жүргізілетіндігін атап өтті.

Жиналыс төрайымы:

Қиқынбаев М.П

Хатшы:

Жұмабекова И.М

«Н.Төреқұлов атындағы жалпы білім беретін мектеп » КММ
«Жасөспірімдер арасында АҚТҚ, ЖҚТБ алдын алу» сауалнамасы бойынша
8 -9 сынып оқушылармен жүргізілген жұмыс мониторингісі
2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы нашақор, алкогольдың алдын алу және болдырмау

Қатысқаны: 147

1. Сенің айналада наша қолданатын адам бар ма?

- | | |
|--------------|--------------------|
| а) ия – 0% | б) кейде – 0% |
| ә) жоқ - 67% | в) білмеймін – 33% |

2. Сенің айналада ішімдік қолданатын адам бар ма?

- | | |
|--------------|--------------------|
| а) ия - 0% | б) кейде - 12% |
| ә) жоқ - 52% | в) білмеймін - 36% |

3. Мен наша қолданып көргенмін.

- | | |
|------------|---------------|
| а) ия - 0% | ә) жоқ - 100% |
|------------|---------------|

4. Мен ішімдік ішіп көргенмін.

- | | |
|------------|---------------|
| а) ия - 0% | ә) жоқ - 100% |
|------------|---------------|

5. Сіз ішімдік, наша және токсиконды заттар туралы білесіз бе?

- | | |
|-----------------------------|--|
| а) өте жақсы білемін - 8% | б) естігенмін, бірақ көп білмеймін - 18% |
| ә) ақпараттан білемін - 29% | в) мені бұл қызықтырмайды - 45% |

- ## 7. Мен темекі шегемін.

- 8. Сен қалай ойлайсың, не үшін жасөспірімдер наша қолдануға барады?**

- 9. Егер Сен досының наша қолданатынын білсең, не істейсің?**

- 10. Сен қалай ойлайсың, егер сенің тобың наша қолданса, оларға ерер ме едің?**

11. Сен өз денсаулығыңды қадағалайсың ба?

- а) ия - 100% ә) жоқ б) ол туралы ойланбаппын

ДТЖО: М.П.Қиқынбаев
Ш. Халжанова

«Н. Төрекулов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»

КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Түркістан қаласы

24.04.2024 ЖЫЛ

AKT

Біз төменде акт түзіп, қол қоюшылар

Комиссия төрағасы: Қиқынбаев М.П

Хатшы: Жұмабекова И

Коммиссия мүшелері:

Халжанова Ш.С

Дүйсенбек С

Нурмахамбетова Н.О

Болып, акт жасау себебіміз, 24.04.2024 жылы сағат 14/00-де 1-қабаттағы орналасқан оқушыларға арналған «Сенім жәшігі» ашылды. Тексеру барысында сенім жәшігіне хат түспеген.

Растан қол қоюшылар:

ДТІЖО

Қиқынбаев М.П

ДОІЖО

Халжанова Ш.С

Педагог-психолог:

Нурмахамбетова Н.О

Әлеуметтік педагог:

Дүйсенбек С.Ж

Хатшы:

Жұмабекова И.М

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Сенім жәшігін» ашу туралы

Хаттама №6

Өткізілген күні: 24.04.2024 жыл

Жәшікті ашуға қатысқандар:

ДТІЖО: Қиқынбаев М.П., Халжанова Ш.С

Педагог-психолог: Жұмабекова И, Нурмахамбетова Н.О

Әлеуметтік педагог: Дүйсенбек С

24 жылдың 24 сәуір күні «Сенім жәшігі» ашылды. Тексеру барысында сенім жәшігіне хат түспеген

Растап қол қоюшылар:

ДТІЖО:

Қиқынбаев М.П

ДОІЖО

Халжанова Ш.С

Педагог-психолог:

Жұмабекова И.М

Нурмахамбетова Н.О

Әлеуметтік педагог:

Дүйсенбек С.Ж